

АНЫҚТАМА

**Қызылорда облысының білім басқармасы Қызылорда қаласы бойынша
білім бөлімінің №3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы КММ
2024 жылдың 10 айы қорытындысымен сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша**

«20» 01 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың 10 айы қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы КММ-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 мамырдағы Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қатысты білім беру ұйымдарының 2024 жылдың I тоқсан қорытындысымен жасалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау анықтамасында көрсетілген мерзімінен кеш орындалып, талаптардың сақталмағандығы жазылған. Орын алған кемшілік бойынша оцицер-комплеанс әдіскер Л.Жумадилдаеваға ескерту берілді.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

№3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы КММ жалпы қызметкерлер саны –49. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 15, техникалық қызметкер - 26, бала күтімінде - 8 қызметкер. (педагог-6, техникалық қызметкер -2);

Педагог шебер -0, педагог-зерттеуші - 0, педагог сарапшы - 4, педагог-модератор - 11, жоғары санатты - 0, бірінші санатты - 0, екінші санатты - 0,

санатсыз саны-0. Жоғары білімді -14, арнаулы орта білімді -1. Педагогика ғылымының магистрі - 00.

Сонымен қатар, бөбекжай-бақшада барлығы 90 бала бар, оның ішінде электронды түрде 90 өтінішпен қабылданған.

2023-2024 оқу жылында балабақшаны 14 бала бітірген. Оның ішінде 1-сыныпқа қабылданғаны-12 тұлғалар, 1 май мектебіне – 2 бала, «Арай» жеке мектебіне -1 бала, №23 мектеп-гимназияға-2 бала, №9 мектепке-2 бала, №136 мектепке-1 бала, №8 Осипенко мектебіне-1 бала, №3 мектепке-1 бала, №211 мектепке -1 бала, №249 мектепке-1 бала. «Шұғыла» балабақшасы МАД тобына-1, «Хандәулет» балабақшасы МАД тобына-1 бала.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты осы оқу жылында «eңбек.kz» арқылы 0 педагог жұмысқа қабылданбаған.

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңына сәйкес көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде:

- білім саласына қатысты 00 ,
- мектепке тікелей келген өтініштер 00,
- балабақша қызметіне қатысты 81,
- басқа да өтініштер 0.

1. 2024 жылдың 10 айы қорытындысымен бөбекжай-бақшада жеке тұлғалардан, заңды тұлғалардан «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 7 өтініш келіп түсті.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Сонымен қатар, жұмыс күндері «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақша коммуналдық мемлекеттік мекемесі меңгерушісінің жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады.

Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде және жұмыс күндері азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, 43 ата-ананың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 0

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны–0.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) –0 санды құрайды.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Бөбекжай-бақшаға бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ. Бақылау функциялары болған жағдайда көрсетіліп, зерделенуі тиіс.

6-7) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу мен жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы бойынша **2024жыл бойынша қаралған бюджет 152 595,0 мың теңге.**

261 200 015 бағдарлама бойынша – 47821,0 мың теңге,

261 202 011 бағдарлама бойынша – 17184,0мың теңге,

261 202 015 бағдарлама бойынша – 87590,0мың теңге,

2024 жылдың 10 айы қорытындысымен 112180,0 мың теңге игерілді.

Оның ішінде;

261 200 015 бағдарлама бойынша – 14624,0 мың теңге,

261 202 011 бағдарлама бойынша – 14574,0мың теңге,

261 202 015 бағдарлама бойынша – 82982,0мың теңге,

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және мемлекеттік органдардың персоналын басқару қызметінің басты мәселелерін шешуге арналған, сонымен қатар персоналды басқару процестерін дамыту мен жетілдіру жүйесі болып табылатын Ұлттық білім беру деректер қоры, «Es.iac.kz» мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, қаржылық есептілік бойынша «salyk.kz», «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі орнатылған.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 10 айы қорытындысымен балабақшаға педагог қызметкерлерінің қабылданбағандығын мәлімдеймін.

Ішкі талдаумен жүргізілген зерделеу қорытындысының нәтижесімен заңдылықтардың бұзылу фактілері орын алмаған.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі атқарып келген қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
№3 «Қарлығаш» санаториялық бөбекжай-бақшасы
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі:



Г.П. Айтилесова